

«Петровка ауылының ЖОББМ» КММ
2025–2026 оқу жылының 13–24 қыркүйек аралығындағы
«Білімнің іргетасы-бастауышта» атты бастауыш сыныптар апталығының
есепі

Апталықтың ашылуы 13.10

Онкүндік салтанатты түрде ашылып, апталықтың жоспары таныстырылды. Оқушылар өлеңдер оқып, шағын көріністер көрсетті, ән айтты.

«Білімнің іргетасы – бастауышта» атты бастауыш сыныптар апталығының ашылуы өтті

Мақсаты:

Бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибесін насихаттау, оқыту мен тәрбиелеудегі жанашыл әдіс-тәсілдерді ортаға салу. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың білімге, өнерге және ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру, ұстаздар мен ата-аналардың ынтымақтастығын нығайту.

2025-2026 оқу жылының «Білімнің іргетасы - бастауышта» атты
бастауыш сыныптар апталығының жоспары
13.10.2025-24.10.2025 аралығы

Р/с	Іс-шараның тақырыбы	Түрі	Сынып	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	Апталықтың ашылуы	Апталық жоспарымен таныстыру	1-4 «АБ»	13.10.2025	Бастауыш сынып мұғалімдері
2	Русский язык «Правописание сочетаний с шипящими»	Открытый урок	2 «Б»	14.10.2025	Полонкеева М.А
3	Озық ойлы оқушы	Сыныптан тыс білім сайысы	2 «А»	14.10.2025	Нурмухамбетова Г.Ж
4	Әдебиеттік оқу «Батыр туса ел ырысы»	Ашық сабақ	3 «А»	15.10.25	Киянбекова А.А
5	Алтын күз	Сайыс	1-4 «А,Б»	15.10.25	Баст.сын.жет
6	Естествознание «Как защитить животных?»	Открытый урок	4 «Б»	16.10.25	Пшембаева А.Б
7	Көркем жазу	Сайыс	2-4 «А»	16.10.25	Егинбаева Ж.А
8	Естествознание «Какие бывают животные?»	Открытый урок	1 «Б»	17.10.25	Пшембаева С.С
9	«Осенний калейдоскоп»	Внекл.мероприятие Квест	4 «Б»	17.10.25	Пшембаева А.Б
10	Жаратылыстану «Жабайы және үй жануарларының айырмашылығы»	Ашық сабақ	1 «А»	20.10.25	Унгарова Х.Т
11	«Осень»	Внекл.мероприятие Мини – квест	2 «Б»	20.10.25	Полонкеева М.А
12	«Менің Отаным –Тәуелсіз Қазақстан»	Тәрбие сағаты	3-4 «А»	20.10.25	Канафина Т.М
13	Қазақ тілі «Ц дыбысы»	Ашық сабақ	3 «А»	21.10.25	Канафина Т.М
14	«Путешествие в страну здоровья»	Внекл.мероприятие	1 «Б»	21.10.25	Пшембаева С.С

15	Қазақ тілі «Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем»	Ашық сабақ	4 «А»	22.10.25	Егинбаева Ж.А
16	«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар»	Интеллектуалды ойын	3 «А»	22.10.25	Киянбекова А.А
17	Математика «Шамаларды әртүрлі құралдармен өлшеу»	Ашық сабақ	2 «А»	23.10.25	Нурмухамбетова Г.Ж
18	Әдебиеттік оқу «Мен бақытты баламын»	Ашық сабақ	4 «А»	23.10.25	Мерген Сайрангүл
19	« Республикама мақтанышым»	Тәрбие сағаты	1 «А»	23.10.25	Унгарова Х.Т
20	Апталықтың жабылуы	Марапаттау	1-4 «А,Б»	24.10.25	Бастауыш сынып мұғалімдері

<https://www.instagram.com/p/DPwXAebjPuN/?igsh=djk4NDdnbDBwZDh2>

<https://www.instagram.com/reel/DPwjkRjPzc/?igsh=ZTR3d2E4OW5ic205>

14.10

14 қазан күні бастауыш сыныптар апталығы аясында 2 «Б» сыныпта орыс тілі пәнінен «Ызың дыбыстардың емлесі» тақырыбында ашық сабақ өтті.

Сабақ барысында оқушылармен ережелер қайталанып, орфограммалар бекітілді, қателер түзетілді. Сабақ белсенді әрі қызықты өтті.

<https://www.instagram.com/reel/DPy7QHqDGhm/?igsh=MTJ0YzZsOWlxeDU5bw>

Бастауыш сыныптары онкүндігі аясында 2 "А" сыныбында сыныптан тыс " Озық ойлы оқушы" сайысы өтті.

Сайыстың мақсаты - білімді, тапқыр, шығармашыл және жан-жақты ойлай алатын оқушыларды анықтау. Олардың логикалық ойлау қабілеттерін, білімге деген құштарлығын және өз пікірін еркін жеткізе алу дағдыларын дамыту. Оқушылар аса белсенділікпен қатысты.

Нәтижесінде білімділіктерін көрсетіп Аблай Сезім І орын, Мұса Айым ІІ орынға, Куанышев Нариман ІІІ орынға, қалған оқушылар аз ұпай саны бойынша сертификатпен марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/DQMKFKBjG5E/?igsh=MXy3ZHBneDR5OTQ3dw==>

15.10

Бүгін 3 «А» сыныбында Әдебиеттік оқу пәнінен Батыр туса – ел ырысы! Тақырыбында мәні зор, рухани тәрбиеге бағытталған ашық сабақ өтті.

Сабақ барысында оқушылар халқымыздың ерлік дәстүрлерімен танысып, батырлардың ел үшін жасаған ерліктерін үлгі етіп алды.

Мақсаты :жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік пен ерлік рухын қалыптастыру, батыр бабаларымыздың өнегесін насихаттау.

<https://www.instagram.com/reel/DQJ6cCXDOqq/?igsh=cGdpMzlwM2ZhYnE4>

Түстен кейін шығармашылық тамаша іс- шара «Күз ханшайымы мен ханзадасы / Принц и Принцесса Осени» байқауы өтті! Іс-шара барысында 1–4 сынып оқушылары өз өнерлерін, тапқырлығын және сәндік талғамдарын көрсетіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Қатысушылар өздерін өлеңмен, бимен, әнмен және табиғи материалдардан дайындалған сән үлгілері арқылы таныстырды.

«Күзгі дастархан» кезеңінде оқушылар күздің молшылығын, берекесі мен сұлулығын паш етті Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен түрлі номинация иегерлері анықталып, марапатталды. Бұл шара оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өнер мен сұлулыққа деген қызығушылығын арттыруға бағытталды.

<https://www.instagram.com/reel/DP1qsJnDFRq/?igsh=MW5wZHZzaWhidXI1Ng==>

16.10

Бастауыш сыныптар апталығы аясында 2025 жылдың 16 қазан күні 4 «Б» сыныбында «Жануарларды қалай қорғауға болады?» тақырыбында жаратылыстану пәнінен ашық сабақ өтті.

Сабақтың мақсаты: Оқушыларды жануарларды қорғаудың түрлі тәсілдерімен таныстыру, табиғатқа жанашырлық сезімін қалыптастыру. Оқушылар сабаққа қызығушылық танытып, өте белсенді болды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды

<https://www.instagram.com/reel/DP9BkPKjDnt/?igsh=MXI2ZXNhNXIvNGZ1dA>

Бүгін мектебімізде бастауыш сыныптар онкүндігі аясында 2–4 сынып оқушылары арасында «*Көркем жазу*» байқауы өтті. Байқаудың мақсаты – оқушылардың сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру, көркем жазуға деген қызығушылығын арттыру және ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Байқау нәтижесі бойынша 1-орын 2-сынып оқушысы Сансызбай Әдия, 2-орын 3-сынып оқушысы Ёлдаш Нұрболат, 3-орын 4-сынып оқушысы Аблай Балжаным иеленді.

<https://www.instagram.com/reel/DP3gazSjZaJ/?igsh=MWVhczNmemNhOG5tbQ>

17.10

2025 жылдың 17 қазанында бастауыш сыныптар онкүндігі аясында 1 «Б» сыныбында жаратылыстану пәнінен «Жануарлар қандай болады?» тақырыбында ашық сабақ өтті.

Сабақтың мақсаттары:

- Жануарларды тіршілік ортасына қарай (күрлықта, суда, ауада) ажыратуға үйрету;
- Жануарлар әлемінің алуан түрлілігі туралы түсінікті кеңейту;

– Табиғатқа қызығушылықты арттыру және жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

<https://www.instagram.com/reel/DP8OkEqDAmC/?igsh=NHI0YXphdmhlcZF2>

Бастауыш сыныптар апталығы аясында 2025 жылғы 17 қазан күні 4«Б» сыныбында «Күзгі калейдоскоп» атты сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Ребустарды шешу, күзгі құбылыстарды сипаттау және табиғат туралы сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылардың логикалық ойлауын, сөйлеу дағдыларын және өз ойларын жеткізе білу қабілеттерін дамыту.

<https://www.instagram.com/reel/DQHpZ9MjFhH/?igsh=NWI0bTFjN2o0eHI2>

20.10.

Ашық сабақ өтті.

Тақырыбы: Жабайы жануарлар мен үй жануарларының айырмашылығы.

Мақсаты: 1.2.2.1 жабайы және үй жануарларын ажырату

1.1.2.2 үй жануарларының пайдасы туралы білу

Оқушылар жабайы және үй жануарларын ажыратады және үй жануарларының пайдасы туралы білді.

<https://www.instagram.com/reel/DQCGhWODGBt/?igsh=ZDYwdWU2ZmZoOHQ5>

Бастауыш сыныптар онкүндігі аясында 2-сыныпта «Алтын күз» атты квест ойыны өткізілді.

Оқушылар келесі бекеттерден өтті:

«Жаңбыр басталды» – лабиринт,

«Күзде қалай киіну керек?» – таңда да жапсыр,

«Күзде ағаштарда не болады?» – бояу тапсырмасы,

«Күзде ауа райы қандай болады?» – нұсқау бойынша таңда да жапсыр.

Барлық оқушылар тапсырмаларды жақсы орындап, уақыттарын көңілді әрі пайдалы өткізді.

<https://www.instagram.com/reel/DQDogWiDN0a/?igsh=MTh3NWs3MGJ1N2Focw==>

«Менің Отаным – Тәуелсіз Қазақстан.

3-4 «А» сыныбында сынып сағаты жоғары деңгейде өтті.

Сабактың мақсаты – оқушылардың Отан, туған жер, тәуелсіздік туралы түсініктерін кеңейту, елге деген сүйіспеншілігін арттыру, ұлттық рух пен патриоттық сезімдерін қалыптастыру.

Өткізген: Канафина Т.М.

<https://www.instagram.com/reel/DQLfJ4RiCYI/?igsh=ZTg5OXBha2pzZDFt>

21.10

Бастауыш сынып апталығының онкүндігі аясында

2025 жылдың 21 қазан күні қазақ тілі пәнінен

«Ц дыбысы» тақырыбында 3 «А» сыныбында ашық сабақ өткізілді.

Сабактың мақсаттары:

Ц дыбысы бар сөздерді дұрыс айтуға үйрету;

Сауатты жазуға дағдыландыру;

Мәтінмен жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың тіл байлығын арттыру.

Сабақ барысында жаңа әдіс-тәсілдер қолданылып, оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығы артты.

Пән мұғалімі: Канафина Т.М.

<https://www.instagram.com/reel/DQHcrIXDI4b/?igsh=MXhmOWc5YWE2MzQ0MA=>

21 қазан күні бастауыш сыныптар апталығы аясында 1 "Б" сыныбында "Денсаулық еліне саяхат" тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өтті.

Мақсаты:

Оқушылардың салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыру, дене белсенділігіне, дұрыс тамақтануға және жеке гигиенаға қызығушылықтарын арттыру; өз денсаулығына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Сынып жетекшісі: Пшембаева С.С.

<https://www.instagram.com/reel/DQJ5I6mjIIm/?igsh=Z3NidnExemYyemlp>

22.10

Бүгін бастауыш сыныптар онкүндігі аясында 4 "А" сыныбында қазақ тілі пәнінен «Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем» тақырыбында ашық сабақ өтті.

Сабақтың мақсаты – құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілерін дұрыс қоюға үйрету және оқушылардың грамматикалық сауаттылығын арттыру болды.

Сабақ барысында оқушылар топпен және жұппен жұмыс жасап, өзара пікір алмасып, тапсырмаларды ынтамен орындады.

Сабақ соңында оқушылар өз жұмыстарын бағалап, бір-біріне кері байланыс берді.

Сынып жетекшісі Егинбаева Ж.А.

<https://www.instagram.com/reel/DQJxIYUjOWA/?igsh=MzdhcHh6MGowYWx0>

«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» сайыс сабағы

3 "А" сыныбында « Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» білім мен тапқырлықты, зеректік пен ой ұшқырлығын сынайтын ерекше сайыс өтті.

Оқушылар түрлі кезеңдерден өтіп, өз білімдерін ортаға салып, нағыз жүйріктер мен тұлпарлар екенін дәлелдеді

Бұл сайыс — оқушылардың ойлау қабілетін арттырып, өзіне сенімді болуға, білімге құштарлықты дамытуға бағытталған тамаша мүмкіндік болды.

Барлық қатысушыларды белсенділігімен, тапқырлығымен және ұйымшылдығымен құттықтаймыз!

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан оқушыларымызға сәттілік пен жаңа жетістіктер тілейміз .

I-орынға тапқырлар тобы жеңіске жетті .

II- орынға білгірлер тобы жеңіске жетті

Өткізген : Киянбекова А.А

<https://www.instagram.com/reel/DQLjmOKjMMj/?igsh=NXQ2a2N0emFrbzRv>

23.10

Бастауыш сыныптар онкүндігі аясында жоспар бойынша 2 "А" сыныбында математика пәнінен «Шамаларды әртүрлі құралдармен өлшеу» тақырыбында ашық сабақ өтті.

Сабақтың мақсаты – ұзындық, масса өлшем бірліктерін қолданып өлшеу, әртүрлі өлшеу құралдары шкалаларын бір-бірінен ажырату және шамалардың сәйкес мәндерін анықтау.

Сабақ барысында оқушылар жұппен, жекелеп жұмыс жасап, тапсырмаларды ынтамен орындады.

Сабақ соңында оқушылар өз жұмыстарын бағалап, кері байланыс берді.

Сынып жетекшісі Нурмухамбетова Г.Ж

<https://www.instagram.com/p/DQJ5cV6DHyd/?igsh=dDJiNmYxMzQ3MGJk>

23-қазан күні «Өрнек ауылының бастауыш мектебі» КММ бастауыш сынып мұғалімі жас маман Мерген Сайрангүл. «Жол картасы» аясында 4-сыныпқа әдебиеттік оқу пәнінен «Бақыт деген не?» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Мақсаты: Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау. Оқиғаның маңызды тұстарын талдау.

<https://www.instagram.com/p/DQL6lnPDeYI/?igsh=MTJneXZ4cDFiYmwzMg==>

Мектебіміздің 1 «А» сыныбында Республика күніне арналған Республика күні – Мәңгілік Ел мерейі! Атты сынып сағаты өтті.

Сынып жетекшісі Унгарова Хазиза Туйжаргеновна ұйымдастырған бұл іс-шарада оқушылар еліміздің Тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің маңызын терең сезініп, Отанға деген сүйіспеншіліктерін өлең, ән, би арқылы жеткізді.

Бүлдіршіндердің жүрек жарды сөздері мен жарқын өнері баршамызға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, елін сүйген ұрпақтың ертеңіне сенім ұялатты.

<https://www.instagram.com/reel/DQKREDFjCMo/?igsh=bzl0b29yaG1yMnNr>

24.10

Бүгін мектебімізде бастауыш сыныптар онкүндігінің қорытынды іс шарасы болып өтті.

Апталық барысында оқушылар білімдерін шыңдап, түрлі танымдық сайыстар мен шығармашылық жұмыстарға белсене қатысты.

Жабылу салтанатында үздік шыққан оқушылар марапатталып, ұстаздар мен ата-аналар тарапынан жылы лебіздер айтылды.

Бұл апталық жас өрендердің білімге деген қызығушылығын арттырып, бастауыш буынның бірлігі мен ұйымшылдығын көрсетті.

<https://www.instagram.com/reel/DQMSBPhjNWv/?igsh=MTZsZzIwcDdnNmFmZQ==>